**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ**
**ГЕОГРАФИЯ, ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ КАДАСТР КАФЕДРАСЫ**

**«6В07304- Кадастр» білім беру бағдарламасы** «ID 101073 - Қала құрылысы, елді мекендерді жоспарлау және аумақты инженерлік жайластыру» пәні бойынша

# ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

**КҮЗГІ СЕМЕСТР 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

**«6В07304- Кадастр» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША**

Алматы, 2025

«ID 101073 - Қала құрылысы, елді мекендерді жоспарлау және аумақты инженерлік жайластыру» пәні бойынша емтихан бағдарламасы география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының PhD, аға оқытушысы Орынбасарова Г.О. құрастырған

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған

Хаттама № , « » . 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі________________________________Тоқбергенова А.А.

# ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТҮРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

1. Қорытынды емтиханды өткізу ережелері пән бойынша тестілеу ұйымдастырылатын жүйеде орналастырылатын болады:

- Универ жүйесіндегі, ПОӘК-дегі, «Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы» қосымша бетінде;

2. Ережелерді жүйеге жүктегеннен кейін, мессенджер чатында студенттерге «қорытынды емтиханды өткізу ережелерімен» қандай жүйеде танысуға болатындығы туралы хабарланады.

3. Чаттағы әр студент кестемен, ережелермен, прокторинг нұсқауларының талаптарымен танысқанын растауы керек.

4. Кесте бойынша жоспарланған күні студенттерге емтихан туралы еске салынады.

5. 100 сұрақтан тұратын емтиханға арналған тест тапсырмалары емтихан өтетін күні қол жетімді болады (оқытушы бекітілген емтихан кестесіне сәйкес орнатылады). Тест түріндегі тапсырмалар жиынтығы тест құрастыру талаптарын ескере отырып дайындалды және олар әртүрлі санаттарға (тақырыптарға) бөлінді. Студенттерге 25 тест сұрақтары беріледі және олар 60 минут ішінде жауап беруі керек.

Тест жасау барысында әртүрлі сұрақтар қолданылды:

Бірнеше таңдау (Множественный выбор) (студент сұрақтың жауабын өзіне ұсынылған бірнеше нұсқаның ішінен таңдайды және сұрақтардың біреуі немесе бірнеше дұрыс жауаптарға жауап береді);

Дұрыс/Дұрыс емес (Верно/Неверно) (студент сұрақтың жауабын «Дұрыс» және «Дұрыс емес» деген екі нұсқаның арасынан таңдайды);

Сәйкестендіру үшін (бірінші топ жауаптарының әр элементін екінші топ жауаптарының элементімен байланыстыру қажет);

Қысқа жауаптар (Короткие ответы) (сұраққа жауап - бұл сөз немесе қысқа фраза);

Емтихан нысаны-тестілеу

Кімге ұсынылады: 4 курс студенттері, «6В05205 – География» мамандығы.

Емтиханды өткізу кестесі: кесте бойынша (кестені қарау)

Емтихан өткізілетін платформа: «СДО MOODLE» жүйесі.

Емтихан форматы-онлайн.

Емтихан шарты: студент прокторинг бойынша нұсқаулықтың талаптарына сәйкес басталардан 30 минут бұрын дайындалуы тиіс.

Тестілеуден өтуді бақылау - онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтихан барысын бақылау). Прокторлар, аудиториядағы әдеттегі емтихан сияқты, емтихан алушылардың сынақтардан адал өтуін бақылайды: тапсырмаларды өздері орындайды және қосымша материалдарды пайдаланбайды. Интернеттегі нақты уақыттағы емтиханды веб-камерада маман (күндізгі прокторинг) және тақырыптың жұмыс үстелін, кадрдағы адамдар санын, сыртқы дыбыстарды немесе дауыстарды, тіпті көру қимылдарын (кибер - прокторинг) бақылайтын бағдарлама қадағалай алады. Аралас прокторинг түрі жиі қолданылады: бағдарлама

ескертулерімен емтиханның бейнежазбасын адам қосымша қарайды және бұзушылықтар орын алды ма, жоқ па, соны шешеді.

Барлық тест сұрақтарына дұрыс жауап берген жағдайда максималды 100 балл беріледі.

Емтихан ұзақтығы: 60 минут

Бағалау саясаты: жүйе дұрыс жауаптардың кілттері бойынша автоматты түрде тексереді. Барлық тест сұрақтарына дұрыс жауап берген жағдайда максималды 100 балл беріледі.

Емтихан жауаптары 100 баллдық жүйе бойынша бағаланады:

| | | |
|---|---|---|
| 95% - 100%: A | 90% - 94%: A- | |
| 85% - 89%: B+ | 80% - 84%: B | 75% - 79%: B |
| 70% - 74%: B- | 65% - 69%: C | 60% - 64%: C- |
| 55% - 59%: D+ | 50% - 54%: D- | 0% -49%: **F** |

Универ жүйесінде балдар автоматты түрде емтихан ведомосына ауыстырылады.

**Ескерту:** тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

# КІРІСПЕ

Пәннің мақсаты-елді мекендердің жерлерін жоспарлау, қала құрылысы және осы аумақтарды абаттандыру жобаларын жасау қабілетін қалыптастыру Пән: елді мекендерді жоспарлау жобасының мақсатын, принциптерін,мазмұны мен құрамын; жобаға алдын ала есептеулерді; ауылдық елді мекендердің аумағын ұйымдастыру әдістемесін; ауылдық елді мекендерді жоспарлаудағы сәулет-жоспарлау композициясын; елді мекендерді абаттандыру жобаларын зерделеуге бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «ID 101073 - Қала құрылысы, елді мекендерді жоспарлау және аумақты инженерлік жайластыру».

Қорытынды бақылау формасы: Тест

Платформасы: Универ Жүйесі, «СДО MOODLE» жүйесі.

| Критерий | «Өте жақсы» | «Жақсы» | «Қанағаттанарлық» | «Қанағаттандырарлықсыз» | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 90-100 % | 70-89 % | 50-69 % | 25-49 % | 0-24 % |
| **Курстың теориясы мен тұжырымдама-сын білу және түсіну** | Сұрақтарға қажет жерде мысалдармен суреттелген толық жауаптар берілген; Жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалған, география-лық зерттеулердегі математикалық әдістер бойынша терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған. | Сұрақтарға тұтастай дұрыс жауаптар берілді, бірақ принципті емес жеке дәлсіздіктермен. Курстың география-лық зерттеулердегі математикалық әдістер бойынша терминдері дұрыс қолданылмайды, жеке қате мәлімдемелер стилистикалық қателіктері бар. Жауаптарда қазіргі заманғы географиялық ақпараттық жүйелер, техникалық, жүйелері-нің бағдарламалық өнімдері дұрыс көрсетілмеген. | Сұрақтарға жауаптар үзінді сипатында болып, дұрыс технологиялдық жүйелер дұрыс емес технологиялармен аралас. Тақырыпты толық ашу үшін қажетті курстың мазмұндық блоктары қамтылмайды. Студент жалпы оқу курсының тақырыбына назар аударады, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады. | Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Оқу курсы үшін сұрақтардағы негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі. | Сұрақтарға жауаптар жоқ; студенттің оқу материалының көп немесе маңызды бөлігін білмеуі немесе түсінбеуі анықталған. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу |
| **Курстың теориясы мен тұжырымдамасын** | Курстың технологиясы мен әдіснамасы География | Курстың әдіснамасы мен студенттің алған білімі | Курстың құралдары ішінара аз құрылымданған, мазмұны аз, жауапта нақты | Пәннің мақсатты міндеттерімен және негізгі ерекшеліктерін | Тапсырманы шешу және курсты түсіндіру үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **білу және түсіну таңдалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану** | бағытындағы білім алушы студенттерді ғылыми даярлау бағытының ерекшелігін ескере отырып, терең мағынада қолданылады; ғылыми ұғымдар қойылған тапсырмаға нақты қолданылады, содан кейін негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде ашады; | әлсіз құрылымдалған және емтихан билетінде ұсынылған нақты практикалық тапсырмаларды шешуге бейімделген. Білім алушы жауаптарында картографиялық модельдеудің дамуы орташа деңгейде қарастырған, жауапта маңызды емес нақты қателер бар, оларды өздігінен түзете алады; | емес, презентация логикасы бұзылған, ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ. | ажырата алмайды, студент өз бетінше түзете алмайтын елеулі нақты қателіктердің көп кездесуі, емтихан мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне білім алушыға жауап жазу қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді. | карталарды құрас-тыруда қолданылатын географиялық ақпараттық жүйе-лер дамуы жөнінде білімді қолдана алмау; жауап беру кезінде (бір сұраққа) 3-4-тен астам өрескел қателіктер жібереді, оны тіпті мұғалімнің көмегімен түзете алмайды; материалды толық игермеген. Қоры-тынды бақылау жүргізу қағида-ларын бұзу. |
| **Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу** | Географиялық зерттеулердегі математикалық әдістер туралы әдістер мен жүйелерді интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, | Курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау, білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми ұғымдарды қолдану арқылы өз ойларын бекіту үшін көрнекі | Курстың заңдылықтары мен принциптерінің үстіртін негіздемесі, оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолдану; оны өз бетінше орындауда қиындықтар туындауы. | Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтың көрінісі. | Мысалдар келтірген кезде курс әдістерін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі. | материалдарды қолдану; емтихан билеті сұрақтары бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережелерін талдау. | | | |